

6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Еліміздегі мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында жазбаша тіл мен ауызша сөйлеудегі қағидаларды дұрыс қолдану, оларды оқып-үйрену, дамыту үшін жағдай жасау Қазақстан Республикасының тіл туралы заңында көрсетілген. Тілді дұрыс қолдану талабы қоғамдық қатынастарды реттеуге зор мүмкіндік береді. Республиканың барлық мекемелеріндегі тілді қолдану іскери қарым-қатынас жасаудың, мемлекеттік тілді дамытудың негізі болып табылады. Бұл – іскери қарым-қатынастағы лингвистикалық заңдылықтарды білу талабынан туындайды. Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбының өзектілігі де осымен байланысты.

Іскери қарым-қатынасқа түсуші адамдарды биоәлеуметтік ерекшеліктер тұрғысынан зерделеу, тілді қолданудың формасын, соған сай лингвистикалық заңдылықтарды игеру қажеттілігін көрсету зерттеу жұмысының өзектілігін танытады.

Зерттеуші диссертациялық жұмысында іскери қарым-қатынастағы тілді қолдану заңдылықтарын коммуникация теориясымен байланыстыра зерттейді. Сөйлеу тілі мен прагматиканы «адам – тілдік бірліктер – қолдану» үштігі аясында қарастырып, сөйлеу мәдениеті мен табысты коммуникацияға жетудің жолы ретінде зерделейді.

Іскери қарым-қатынасқа тән риторикалық категорияларды, кәсіби сөйлеудің ерекшеліктерін, сөйлеу мен психологияның байланысын, прагматика мен стилистиканы, тіл мен мәдениетті сабақтастырып, іскери қарым-қатынаста басшылыққа алатын ұстанымдарды айқындайды.

Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбының практикалық маңызы зор. Зерттеу нәтижелері кәсіби мамандардың сөйлеу тіліне қажетті заңдылықтарды көрсетеді. Атап айтқанда, іскери қарым-қатынастың ауызша формасындағы тілдік қолданыстар мен жазбаша формасындағы тілдік қолданыстардың айырым-белгілері мен әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді саралап береді; іскери қарым-қатынастағы сөйлеу мәдениетін әдеби тілдің нормасымен байланыстырып, жазбаша формадағы іскери қарым-қатынасқа тән тілдік норма мен ауызша формадағы іскери қарым-қатынасқа тән тілдік норманың айырмашылықтарын анықтайды; іскери қарым-қатынаста сөйлеушінің назарында болатын басты ұстанымдарды көрсетіп, оларды аргументтік, лингвопсихологиялық, лингвомәдени, лингвоқұқықтық, лингвоәлеуметтік, лингвопрагматикалық ұстанымдар түрінде жіктеп береді.

Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның диссертациялық жұмысында іскери қатынасқа түсуші адамдардың сөйлеу мақсаты анықталады. Оларды прагматикалық және эмоционалдық мақсат түрінде жіктеп, прагматикалық мақсатты қабылдаушыны сендіру, оның қызығушылығын ояту, ойына түрткі салу мақсаты деп түсіндіреді. Ал эмоционалды мақсатты қабылдаушылардың эмоциясын басқара алу, бағалай білу, реттей алумен байланыстырады. Іскери қатынастағы сөйлеу стилінің екі өлшемі болатынын көрсетеді. Оларды прагматикалық өлшем және стильдік өлшем түрінде жіктеп, прагматикалық өлшемді анықтайтын көрсеткіштерге сөйлеушінің сөз қолданысын, сөзді таңдай алуын, іріктей білуін, сөзді әрлей білуін, сөз арқылы іске жұмылдыра алуын, ойға қозғау сала білуін жатқызады. Қандай аудиториямен, қандай мамандармен, олардың кәсіби деңгейімен, айналысатын саласымен байланысты іскери қарым-қатынастағы сөйлеудің стильдік өлшемін анықтайды. Тілдің лексика-грамматикалық, поэтикалық жүйесі де қолданыс аясына қарай түрленіп, өзіне тән стильдік өлшемі болатынын нақты тілдік мысалдармен дәлелдейді.

Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының практикалық маңызы ерекше. Маман даярлайтын жоғары оқу орындарында арнайы курс ретінде оқыту арқылы іскери қарым-қатынастағы сөйлеу заңдылықтарын, табысты коммуникацияғы жетудің негізі тілде екенін көрсетуге болады. Диссертациялық жұмыстың теориялық негізі қазақ тіл біліміндегі коммуникативті лингвистика, прагматикалық лингвистика саласының дамуына үлес қосады.

Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның «Іскери қарым-қатынастағы сөйлеу стилінің прагматикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттері, зерттеу жұмысының теориялық негізі, оның нақты тілдік фактілермен дәлелденуі, зерттеу әдістері мен ғылыми тұжырымдары ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толығымен сай келеді. Шохаева Карлыгаш Нурлановнаның зерттеу жұмысын толық аяқталған ғылыми еңбек ретінде бағалап, 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі
мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі



РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
ҚАД. СЫЯСАТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ МЕНГЕРУШІСІ
ЗАБЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЬ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
КОЛЫ
ПОДПИСЬ _____

Итывисова Н.А.